


2022 жылдың маусым айындағы іскерлік белсенділік индексі туралы
ҚР ҰБ ақша-кредит саясаты департаментінің директоры
Рүстем Оразалиннің
түсіндірмесі

Маусым айында кәсіпорындардың іскерлік белсенділігі **біршама жақсарып, 49,0** (мамырда – 48,9) болды. Тау-кен өндіру өнеркәсібі мен құрылыста іскерлік белсенділіктің артқаны байқалды, онда индекс, тиісінше, **50,0** және **47,4-ке** дейін көтерілді (мамырда 48,2 және 46,4). Өндіріс секторында индекс жаңа тапсырыстардың көлемі мен жұмыспен қамту деңгейінің төмендеуіне байланысты 49,4-ке дейін (мамырда – 50,8) төмендеді. Қызмет көрсету секторында көрсеткіш өзгерген жоқ – 48,7.



2022 жылдың маусым айында респонденттердің оптимизмі арту есебінен соңғы 6 айда алғаш рет оң болып, кәсіпорындардың **қазіргі** бизнес-ахуалды бағалауы жақсарды (**4,0-ге** дейін).

Кәсіпорындардың алдағы 6 айға арналған **болашақ** бизнес-ахуалды бағалауы да **23,9** (мамырда – 22,4) құрап, жақсарды.

Нәтижесінде **қазіргі және келешек** бизнес-жағдайларын орташа бағалауды білдіретін **бизнес-ахуал индексі** айтарлықтай жақсарды – **13,7** (мамырда – 9,5). Осылайша, бизнес-циклдің «сағат» индикаторы маусым айында өсу саласына өтті.

Толығырақ: <https://nationalbank.kz/kz/page/indeks-delovoy-aktivnosti-po-kazahstanu-ida>